Ұлт болашағы өз қолымызда!

12+

# Талдықорған

Газет 1992 жылдың 2-наурызынан шыға бастады

TDKO KZ TALDYKORGAN-ONLINE

www.taldykorgan-online.kz

e-mail: taldyk@bk.ru

@Taldykorganpress

№25 (1867) Жұма, 27-маусым 2025 жыл, Республикалық қоғамдық-саяси газеті

КӘСІБИ МЕРЕКЕ



# МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ БАҚ САЛАСЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН МАРАПАТТАДЫ

**Президент, журналистер қауымын алдағы Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері күнімен құттықтап, ұлттық медиа – халықтың үні, ал журналист жасампаздық жаршысы екенін атап өтті.**

– Сіздер мемлекет саясатын елге түсіндіріп, қоғам мен биліктің арасында көпір болып келесіздер. Елімізде жасалып жатқан реформалардың мән-мағынасын жұртшылыққа жеткізіп жүрсіздер. Бұл – өте маңызды, күрделі, ерекше жұмыс. Әрбір адамның қолынан келмейді. Мен бүгін бәріңізге шынайы ризашылығымды білдіремін. Өздеріңіз білесіздер, соңғы жылдары мемлекетімізде ауқымды өзгерістер жасалуда, маңызды бастамалар жүзеге асырылып жатыр. Осыдан 3 жыл бұрын жалпыұлттық референдум арқылы Конституциямызды жаңғырттық. Мемлекеттің бүкіл саяси жүйесін өзгертетін тарихи қадамдар жасадық. Елімізде «Күшті Президент – Ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет» қағидаты орныға түсті. Өкілді биліктің құзыреті күшейді, атқарушы биліктің жауапкершілігі артты. Конституцияға сәйкес билік тармақтары түгел жаңғыртылды. Ауыл және аудан әкімдері тікелей сайлана бастады. Билікке саясаткерлердің жаңа буыны келіп жатыр. Азаматтарымыз мемлекеттік маңызы бар шешімдер қабылдау ісіне белсене араласатын болды. Қоғамда пікір алуандығы орнықты, яғни, өз ойын заңға сәйкес айта алатын, көкірегі ояу, өркениетті қоғам орнығуда. Халқымыздың мүлде жаңа саяси болмысы қалыптасты. Заң мен тәртіп тұжырымдамасы қоғамымыздың сана-сезімінің ажырамас бөлігіне айналып жатыр, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев жүргізілген реформалар экономика саласында да өз жемісін беріп жатқанын атап өтті.

– Былтырғы осы уақытпен салыстырғанда, өткен 5 айда ұлттық экономикамыз 6 пайызға өсті. Өңдеу өнеркәсібінің өсімі де 6 пайызға жуықтады. Жалпы соңғы бес жылда еліміздің ішкі жалпы өнімі 182-ден 286 миллиард долларға жетті. Біз бұған экономиканы әртараптандыру арқылы қол жеткізіп келеміз. Бүгінде түрлі салада осындай оң өзгерістер болып жатыр. Ең бастысы, ұлттың болмысы өзгере бастады. Елде жаңа азаматтық, саяси мәдениет қалыптасып, жаңа құндылықтар орнығуда. Жас ұрпақ «Адал азаматқа» тән қасиеттерді бойына сіңіріп өсіп жатыр. Заң үстемдік құруы үшін нақты шаралар қолға алынып жатыр. «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы нағыз халықтық жобаға айналды. Азаматтарымыз табиғаты таза елдің ниеті де таза деген ұстанымды жан-жақты насихаттап, ортақ іске белсене атсалысуда. Осылайша, Қазақстан жаңа тұрпатты елге айнала бастады. Өйткені таза болу, бұл – ниеті де, ісі де таза болу деген сөз. Біз озық ойлы ұлт болуымыз қажет. Көш бастайтын елдердің қатарына қосылуымыз керек. Бір ел болып, жұдырықтай жұмылсақ, бұл мақсатымызға міндетті түрде жетеміз. Осы ортақ жұмысқа журналистер қауымы да зор үлес қосып жүр. Сіздерді реформаның қозғаушы күші деп айтуға болады. Түптеп келгенде, билік те, баспасөз де ел игілігіне қызмет етеді. Еліміздің мақсаты – биік, бағдары – айқын. Бұл – Әділетті, Қауіпсіз, Өркениетті және Таза Қазақстанды құру, – деді Президент.

Мемлекет басшысы қазір арқаны кеңге салатын уақыт емес екенін айта келе, әлемдегі геосаяси, геоэкономикалық ахуал шиеленісе түскеніне тоқталды.

– Жаһандық қауіпсіздік жүйесі түбегейлі өзгеріп жатыр. Алпауыт елдердің текетіресі ушығып, кейбір аймақта қарулы қақтығыстар өршіп барады. Әлемдік аренада күрделі, бізге беймәлім, терең түсінуді қажет ететін үдерістер орын алуда. Негізінде, халықаралық құқыққа қатысты ұғымдар араласып кетті. Күштінің құқы дәріптеле бастады. Ғаламдық цифрлық трансформация бүкіл адамзатқа бұрын-соңды болмаған қиындықтар әкеледі. Әлем жаңа дәуірге қадам басты. Мұнда жасанды интеллект технологиялары мемлекеттің табысты дамуының басты факторына айналады. Алдағы іргелі өзгерістердің ауқымын білген жөн. Өркениет көшінен қалмау үшін инновацияны барлық салаға қарқынды түрде енгізу қажет. Мемлекет басшысы ретінде осы іске баса мән беремін. Жасанды интеллектінің кеңінен таралуы кез келген мамандыққа, соның ішінде сіздердің кәсіптеріңізге де мүлдем жаңа талаптар қояды. Көптеген сарапшылар келешекте адам еңбегін алгоритмдер алмастыратынын айтып жүр. Алайда бұл өзгерістер журналистиканың жаңа мүмкіндіктерін, шын мәнінде екінші тынысын ашуы әбден мүмкін. Қазірдің өзінде жаңа нейрожелілер сұранысқа ие бірегей контент өндіру үшін қажет ақпаратты іздеп, талдай алатын пайдалы құралға айналды. Отандық журналистер әрдайым шығармашыл, жаңашыл әрі дамуға құштар. Сіздердің жаңа технология мүмкіндіктерін толығымен пайдаланатындарыңызға сенімдімін. Бүгінде елімізде медиасаланың, соның ішінде блогосфераның қанат жаюына барлық жағдай жасалған. Оқиға ортасынан шынайы ақпарат таратуда өздеріңізге мол жауапкершілік жүктелген. Мұны сезіне білу өте маңызды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің айтуынша, алмағайып, бұлыңғыр заманда, ең алдымен, ел бірлігін сақтап, басты байлығымыз – тұрақтылық пен тыныштықты бағалау қажет.

– Осы орайда, журналистерге айрықша сенім мен зор жауапкершілік жүктеледі. Міржақып Дулатов «Қай жұрттың баспасөзі күшті болса, сол жұрттың өзі де күшті» деген. Шын мәнінде, сөз – аса қуатты қару. Бір ауыз сөз араз елді тату қылады, тату елді араз етеді. Сондықтан сөз құдіретін терең түсініп, оның салмағын сезіне білу қажет. Қазіргі ақпарат тасқынында сенімді дерек, дәйекті талдау ұсынудың мән-мағынасы арта түсті. Журналистің ағартушылық миссиясы алдыңғы қатарға шықты. Кез келген ақпаратты мұқият елеп-екшеп, жұртқа дұрыс жол көрсету өте маңызды. Бұл ретте, сіздерді ақпарат әлемінің темірқазығы деуге болады. Мен журналистеріміздің әр мәліметті ұлт мүддесі тұрғысынан саралай аларына сенемін. Өйткені өзім көп оқимын, сіздер жазған мақалалармен, ой-пікірлермен таныспын. Қазір журналистеріміз түрлі салада жұмыс істеп жүр. Қаламгер әрі қайраткер азаматтарымыз аз емес. Ақпарат саласының өкілдері Парламент пен мәслихаттарда табысты еңбек етуде. Сондай-ақ жергілікті және орталық атқару органдарында қызмет етіп жүрген азаматтар бар. Бұл журналистің бесаспап мамандық иесі екенін анық көрсетеді, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінгі жиынға ақпарат саласының ардагерлері арнайы шақырылғанына назар аударды.

– Сауық Жақанова, Жарылқап Бейсенбайұлы, Шархан Қазығұл сияқты журналистика майталмандары ортамызда отыр. Сіздер ұлттық ақпарат саласын дамытуға зор үлес қостыңыздар. Тілшілердің тұтас буыны өздеріңізге қарап өсті. Сіздерге зор ризашылығымды білдіремін. Қай салада болсын, адал еңбек лайықты бағалануға тиіс. Бұл – бәріміз бірге құрып жатқан әділетті қоғамның мызғымас ұстанымы, – деді Президент.

Мемлекет басшысы жыл сайынғы дәстүрге сай журналистерге Президент сыйлығы мен гранттарын тапсырып, алғысын жариялады. Сонымен қатар медиа саласының өкілдерін мемлекеттік наградамен марапаттады.

Іс-шарада журналистика саласының ардагері Шархан Қазығұл, «Казахстанская правда» газетінің бөлім меңгерушісі Юлия Магер және «Хабар» телеарнасының жүргізушісі Гүлнәзия Зарипова сөз сөйледі.

ҚУАТТЫ ЕЛ

# XI «АЙБЫН» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ЖИЫНЫ



**Президент – Қазақстан Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев XI халықаралық «Айбын» әскери-патриоттық жастар жиынының ашылу рәсіміне қатысты.**

Биыл Қазақстан, Әзербайжан, Беларусь, Қырғызстан, Ресей және Өзбекстан елдерінің әскери-патриоттық қозғалыстарына мүше 800-ге жуық жастың басын қосқан іс-шара Ақтөбе облысында ұйымдастырылып отыр. Слет қос атаулы датаға – Ұлы Жеңістің 80 жылдығына және қазақ халқының батыр қызы Әлия Молдағұлованың 100 жылдық мерейтойына арналады.

Қасым-Жомарт Тоқаев барша қатысушыларды «Айбын» әскери-патриоттық жастар жиынының ашылуымен құттықтап, бұл жас өрендеріміздің рухын шыңдайтын өте маңызды іс-шара екеніне назар аударды.

*– Биыл «Айбын» жиыны қазақтың қайсар қызы, Кеңес Одағының батыры Әлия Молдағұлованың туғанына 100 жыл толуына арналып отыр. Ержүрек мерген қыздың ерлігі халқымыздың және достас елдердің тарихына алтын әріппен жазылған. Қазақтың қаршадай қызы соғысқа аттанып, бірден қан майданның ортасына түсті. Ол сұрапыл шайқастарда теңдессіз ерлік пен Отан алдындағы парызға адалдық үлгісін көрсетті. Биыл Ұлы Жеңіске – 80 жыл! Бұл – біздің елдерімізге ортақ тарихи мереке. Ұлы Жеңіс күнін атап өту – батыр бабалардың рухына тағзым ету, олардың ерлігін жадымызда жаңғырту деген сөз. Қазақстан үшін мұның мән-мағынасы айрықша. Халқымыз Ұлы Жеңіске өлшеусіз үлес қосты, азаттық пен әділдік үшін аянбай күресті. Қазақстаннан 1 миллион 200 мың азамат майданға аттанды, оның тең жартысы ерлікпен қаза тапты. Мыңдаған адам далада, зауыттар мен фабрикаларда еңбек етіп, майданға азық-түлік, қару-жарақ және оқ-дәрі жіберді. Біз даңқты ерлеріміз бен тыл еңбеккерлерін ешқашан ұмытпаймыз, олардың есімін мәңгі есте сақтаймыз. Батырларымыз жер-жаһандағы бейбітшілік пен тыныштық үшін аса ауыр сынақтарды еңсерді,* – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, қазіргі құбылмалы, бұлыңғыр заманда біз осы тарихи ақиқатқа адал болуымыз керек, зұлмат соғыстың қасіретті сабағын ұмытпауымыз қажет.

*– Жастар бейбіт заманның қадірін түсінуге тиіс. Жыл өткен сайын жаһандық шиеленістер өршіп, мемлекеттер арасында қақтығыстар жиілегенін көріп отырсыздар. Қазіргі аса күрделі уақытта елдеріміз арасындағы түсіністік, өзара сенім мен келісім өте маңызды рөл атқарады. Бүгінгі жарыстар біздің шетелдермен көпжақты байланыстарымызды кеңейтуге үлес қосады,* – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы әскер қатарында болу абыройлы міндет екенін атап өтіп, еліміз өскелең ұрпақтың әскери-патриоттық тәрбиесіне баса мән беретінін жеткізді.

*– Қуатты Армия – тәуелсіздік тірегі, қарқынды даму кепілі. Бүгін сапта тұрған сарбаздар – нағыз отаншыл, батыл, мықты азаматтар. Қазақстан Армиясының келешегі сіздердің қолдарыңызда! Әділетті және Қауіпсіз Қазақстанды құратын да – Сіздер. Мен Жоғарғы Бас қолбасшы ретінде еліміздің білімді, адал, озық жастарына сенемін! Алдағы күндері сіздердің қаншалықты күшті әрі епті екендеріңіз сыналады. Әскери қызметтің қандай болатынын сезініп, заманауи армияның озық технологияларымен танысасыздар. Нағыз жауынгер табанды еңбек, қатаң тәртіп пен жауапкершілік қана жеңіске жеткізетінін біледі. Тактикалық ойындар кезінде сіздерге батылдық пен шешімталдық қажет болады. Командамен ұйымдаса әрекет ету, бір-біріңе көмектесу талап етіледі. Бүгін осы жиында Қазақстанның намысын «Жас сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысының ең үздік мүшелері қорғайды. Жастарымыз жарысқа лайықты деңгейде қатысып қана қоймай, өздерін осы елдің қонақжай әрі кеңпейіл иесі ретінде көрсететініне сенімдімін. Осы жиыннан жаңа дағды үйреніп, адал дос тауып, керемет әсермен оралуларыңызға тілектеспін. Баршаңызға сәттілік тілеймін!* – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жиын аясында балалар мен жасөспірімдер «Айбын дарыны» интелектуалдық ойынына, «Smart Sarbaz» технологиялық конкурсына және «Айбын» жұлдызы шығармашылық сайысына қатысады. Пневматикалық мылтықтан ату, Калашников автоматын шашып, қайта жинаудан жарысады. Сондай-ақ бағдарламада спорттық сайыстар, «Күшіміз бірлікте» әскери-тактикалық ойыны бар. Кешқұрым жастар алау басында патриоттық әндер орындайды.

Ресми ашылу салтанатынан кейін Мемлекет басшысына Қорғаныс министрі, авиация генерал-лейтенанты Дәурен Қосанов FPV-дрон операторларын даярлайтын инновациялық оқу-жаттығу кешені мен ұшқыштарға арналған заманауи жаттығу симуляторларын таныстырды.

Одан кейін Президент «Smart sarbaz» жас робот техниктері үйірмесінің жұмысымен танысты. Сондай-ақ балалардың «Жас сарбаз» әскери-патриоттық үрмелі аспаптар оркестерінің орындауындағы музыкалық шығарманы тыңдады.

**www.akorda.kz**

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП



# ПРЕЗИДЕНТ СУДЬЯ ЖӘНЕ СОТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Құрметті Судьялар және сот қызметкерлері!

Биыл – сот төрелігін атқаруға жауапты азаматтар үшін айрықша маңызды жыл. Себебі, осыдан 30 жыл бұрын ел егемендігінің, адамдардың құқықтары мен бостандықтарын сақтаудың мызғымас тірегі саналатын Қазақстан Конституциясы қабылданды.

Қуатты әрі тәуелсіз сот жүйесі құқық үстемдігін қамтамасыз ету, сондай-ақ «Заң және тәртіп» қағидатын орнықтыру ісінде шешуші рөл атқарады. Сондықтан біз осы стратегиялық маңызы бар салада жүйелі түрде реформа жүргізіп келеміз. Сот ісі жетілдіріліп, басқару үдерістері оңтайландырылып, осы салаға цифрлық технологиялар енгізіліп жатыр. 1 шілдеден бастап қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі үш дербес кассациялық сот жұмыс істей бастайды. Бұл қадам азаматтардың және бизнестің өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға арналған институционалдық мүмкіндігін едәуір аттырады.

Жұртшылықтың әділдікке деген сенімі көбінесе судьялардың кәсіби біліктілігіне, кез келген істі қараған кезде ұстанымына берік болып, бейтараптық таныта алуына тікелей байланысты. Осы маңызды әрі жауапты миссия терең құқықтық білімді, заң үстемдігін үнемі бәрінен биік қоюды талап етеді.

Сот қызметкерлері мен ардагерлеріне қажырлы еңбегі мен өз кәсібіне адалдығы үшін шынайы ризашылығымды білдіремін.

Сіздер Әділетті Қазақстанды құру ісіне өлшеусіз үлес қоса бересіздер деп сенемін!

Баршаңызға зор денсаулық, бақ-береке, толағай табыс тілеймін!

**www.akorda.kz**

ЕҢБЕК АДАМЫ

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР МЕРЕЙІ

**Облыс әкімдігінде өңір басшысы Мемлекеттік қызметшілер күніне орай аталған сала мамандарын құттықтады.**



Жиында қатысушылар алдында құттықтау сөз сөйлеген Бейбіт Исабаев мемлекетке, халыққа қызмет етудің маңыздылығы туралы атап өтіп, өңірді дамытудың негізгі бағыттарына тоқталды.

*- Жаңа өзгерістер кезеңінде мемлекеттік қызметшіге артылатын жауапкершілік жүгі үлкен, оны күнделікті жұмыста өздеріңіз де сезініп отырсыздар. Мемлекеттің «адамға бағдарланған» моделін қалыптастыру жолында қолға алынған жаңа қағидаттар бір-бірімен тікелей ұштасып жатыр. Оларды бұлжытпай орындау үшін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев айтқандай, мемлекеттік қызметшілердің бойында кәсібилік пен отаншылдық қасиеттері болуы тиіс. Сондықтан қай-қайсымыз да осы талап үдесінде қызмет атқаруымыз керек*, - деген өңір басшысы осы ретте облыс қайта құрылғаннан бергі 3 жыл ішінде әлеуметтік-экономикалық салаларда қол жеткізген жетістіктер жайлы қысқаша баяндады.

Мәселен, үш жыл бойы аймақ әлеуметтік-экономикалық даму индикаторы бойынша республикада үздік үштіктің ішінде болды. Облысқа 1,2 трлн. теңге инвестиция тартылды. Көп қабатты үйлер мен жеке тұрғын үйлер бой көтерді. Әлеуметтік нысандар жаңарды, елді мекендер газдандырылып, жолдар жөнделді. Транзиттік әлеуеті зор «Талдықорған-Үшарал», «Үшарал-Достық» жолдары пайдалануға беріліп, «Сарыөзек-Көктал» тас жолы, оның ішінде Алтынемел асуының жолы жаңғыртылды. «Жаркент-Көктал», «Жаркент-Қорғас» жолының негізгі учаскелері күрделі жөндеуден өткізілді. 30 жылдай жөндеу көрмеген «Үштөбе-Көпбірлік» автомобиль жолы қалпына келтірілді. Көп жылдар бойы жыр болған Молалыдан Балқаш көліне дейінгі жолдың құрылысы аяқталып, көлік құралдарының жүруі толық қамтамасыз етілді. «Сырт көзге бұл жұмыстардың бәрі өздігінен жасалып жатқандай көрінгенімен, оның артында қаншама тынымсыз еңбек, ерік-жігер, талап пен табандылық жатыр. Кәсіби мереке қарсаңында облысты дамыту жолындағы қажырлы еңбектеріңіз үшін бәріңізге ризашылығымды білдіремін», - деді Б. Исабаев.

Әкім жастарды мемлекеттік қызметке тартудың маңызына да назар аударды. Өңірде жоғары оқу орындарында грантта оқып, үздік бітірген түлектерді мемлекеттік қызметке конкурстан тыс қабылдау тетігі жұмыс істейді. Осы бағдарлама бойынша өткен жылдан бастап қызметшілер қатарына 24 жас маман қосылған. Сонымен қатар жыл басынан бері облыстың барлық атқарушы органдарында eqyzmet.gov.kz порталы арқылы «адам факторынсыз» іріктеудің жаңа жүйесі енгізілді.

Өңір басшысы ашықтық, адалдық және кәсіби даярлық кадрлық саясаттағы басты алғышарттар екенін, өңірде меритократия қағидаты 70% деңгейінде қалыптасқанын атап өтті. Бұл ретте әкімдікте жұмыс істейтіндердің арасында шетелдік білімі бар, ғылыми дәрежесі бар қызметкерлер, Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының түлектері, сондай-ақ Президенттік кадр резервінің қатысушылары бар. «Жан-жақты білімді, креативті ойлай алатын жастардың мемлекеттік қызмет ісіне оң ықпалын тигізетіні анық», - деген Б. Исабаев сөзінің соңында білім мен тәжірибеге қоса әрбір қызметші өзінің кәсіби-тұлғалық болмысын үнемі дамытып отыруы керектігін айтып, қарапайымдылық қағидатымен өмір сүретін адал қызметші, кәсіби білікті маман, патриот азамат қана мемлекетті алға жылжытатынын атап өтті.

Осы күні мемлекеттік қызметте жолын енді бастаған жас мамандар Еділ Орымбеков, Дастан Құдайберген, Айдана Арин Отанға, Конституцияға және Қазақстан халқына адал болуға ант берді.

*- Бұған дейін Балқаш қаласындағы әскери бөлімде екі жыл қызмет еттім. Содан кейін туған жеріме оралып, қазір Сарқан ауданы Черкасск ауылдық округі әкімдігінде жетекші маман болып жұмысқа орналастым. Туған жеріме адал қызмет етуді парызым деп санаймын, осы жолда өзімнің бар білімімді жұмсаймын деп сендіргім келеді,* - дейді Е. Орымбеков.

Бұдан соң мемлекеттік қызметте жемісті еңбек етіп келе жатқан бірқатар азаматқа марапаттар тапсырылды. Соның ішінде аудан-қала әкімдіктерінің, облыстық басқармалардың, облыс әкімі аппаратының қызметкерлері «Үздік мемлекеттік қызметші», «Мемлекеттік қызмет ардагері» төсбелгілерімен, облыс әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Мемлекеттік қызметте 29 жыл еңбек өтілі бар Айнагүл Қонысбекова да «Мемлекеттік қызмет ардагері» атанғандар қатарында.

*- Алғаш еңбек жолымды Қаратал ауданы Байшегір ауылында ауыл әкімінің хатшысы болып бастаған едім. Ұзақ жылдан бері осы ауылдық округ әкімдігінің бас маманы ретінде ауыл халқының әл-ауқатын арттыруға үлес қосып келемін. Мемлекеттік қызмет саласындағы жаңа талаптарға сай жұмыс істеп, оңды өзгерістерден тыс қалмаймыз. Жас мамандарға, әріптестеріме тәлімгер болып, білгенімді үнемі үйретіп отырамын. Бүгін, міне, «Мелекеттік қызметтің ардагері» атанып отырмын. Еңбегімнің еленгеніне қуаныштымын,* - деді А. Қонысбекова.

**Фото: Жеңіс ЫСҚАБАЙ**
**Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі**

сайт: www.taldykorgan-online.kz / e-mail: taldyk@bk.ru / тел.: 40-11-02 / мекенжайымыз: Ж.Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат




# 56 МЫҢНАН АСТАМ КӨШЕТ ОТЫРҒЫЗЫЛДЫ

**Жетісу облысында «Таза Қазақстан» республикалық бағдарламасы белсенді жүзеге асырылуда. Жалпы өңір көлемінде аталған бағдарламаға жыл басынан бері 96 мыңнан астам адам қатысып, 56 491 түп көшет отырғызылған.**

Облыста елді мекендерді абаттандыруға тұрақты түрде көңіл бөлінеді.

*– Мәселен, 2025 жылдың басынан бері 25 балалар және спорт алаңдары абаттандырылып, 16 көпқабатты тұрғын үйдің шатыры жөнделді, 2 км арық желілері жабдықталды, 69 ескерткішті қалпына келтіру жұмыстары жасалды. Сол сияқты 21 саябақ, соның ішінде аллеялар мен скверлер де, 2 орталық алаң, 3 ескерткіш, 51 аула, 58 балалар мен спорт алаңдарын абаттандыру жұмыстары жалғасуда. 94 көпқабатты тұрғын үйдің шатырлары мен қасбеттерін жөндеу, сондай-ақ, 15,5 шақырым арық желілерін жабдықтау жұмыстары басталды. Ал 279 шақырым көшеге жарық шамдары орнатылуда,* – деді облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Айдос Бекетаев.

Атап өтсек, облыс аумағында жедел басқару орталығына қосылған 14,8 мыңға жуық бақылау камерасы жұмыс істейді. Олардың бір бөлігі сыртқы бақылауды қамтамасыз етсе, тағы бір бөлігі білім беру мекемелерінде орнатылған. Аталған камералар «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында тазалықты қадағалауға мүмкіндік беріп отыр.

Сондай-ақ, облыста телеграмм-бот іске қосылған сәттен бастап 466 өтініш келіп түскен, соның 404-і орындалды, ал 62-сі «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасына қатысты болмағандықтан, қарастырылмады.

Жалпы облыс бойынша аталған бағдарламада бүгінгі күнге дейін 96 мыңнан астам адам қатысты. Соның нәтижесінде 56 491 түп көшет отырғызылып, 6 218 тонна қоқыс шығарылған.

## АЛҚАП КҮНІ

# ЖЕТІСУДА РАПС, ЗЫҒЫР ЖӘНЕ ҮРМЕБҰРШАҚ ӨНІМІ АРТПАҚ



**Жетісу облысында Алқап күні шарасы өтті. Бұл басқосуды облыс әкімдігі «Август-Қазақстан» компаниясымен бірлесіп Ескелді ауданы Бақтыбай ауылындағы «Дүйсембинов А.К.» шаруа қожалығының аумағында ұйымдастырды. Оған өңірлерден агроөнеркәсіптік кешеннің жетекші мамандары жиналды.**

Кездесудің басты мақсаты – ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру саласында тәжірибе алмасу, заманауи агротехнологиялар мен жоғары өнімді ауыл шаруашылығы техникасының үлгілерін көрсету.

Іс-шараға қатысушылар алдында облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Нұрдәулет Кененбаев сөз сөйледі. Ол биылғы іс-шараның өткен жылғы Алқап күнінен айырмашылығы, биылғы жылы аймақта қарқынды енгізу жоспарланып отырған дақылдар – рапс, зығыр және үрмебұршақ өсіру технологиясына баса назар аударылғанын атап өтті:

*- Бұл дақылдар фермерлер үшін экономикалық тұрғыдан тиімді. Сонымен қатар бүгін біз суарудың дискретті әдісін ұсынып отырмыз, бұл суды үнемдейтін технология, оны қолдану оңай әрі қолжетімді,* - деді.

Ұйымдастырушылар тәжірибе алмасу, жаңа технологияларды көрсету, фермерлердің және ғылым мен бизнестің арасындағы ынтымақтастықты нығайту іс-шараларының маңыздылығын атап өтті. Кездесу барысында өнімділікті арттыру, суды тиімді пайдалану және техниканы жаңғырту мәселелері талқыланды.

Атап өтсек, «Дүйсембинов А. К.» ШҚ – ұзақ жылғы тәжірибесі бар, бүгінде мал және өсімдік шаруашылығымен айналысып келе жатқан табысты отбасылық кәсіп саналады. Оның алқабында бидай, арпа және жемшөп дақылдарын өсірілуде.

*- Биыл біз алғаш рет зығыр, үрмебұршақ, рапстың неміс сортын септік. Бұл тиімділігі жоғары дақылдар аймақтың климаттық жағдайларына төзімді, әрі оларға деген нарық сұранысы жоғары. Бүгінде біздің иелігімізде төрт шаруашылық, 50 бірлік ауыл шаруашылығы техникасы бар және 50 адам тұрақты жұмыспен қамтылған,* - дейді шаруашылық басшысы Айдын Дүйсембинов.

**Фото: Жұмабай МҰСАБЕКОВ**

**Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі**

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

# ХАЛЫҚ СЕНІМІ – ЖАУАПКЕРШІЛІК ӨЛШЕМІ

**Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметтің беделі – мемлекеттің тұрақтылығы мен дамуының кепілі. Мемлекеттік қызметкер – ел мен халық арасындағы сенім арқауын жалғаушы тұлға. Сондықтан олардан тек кәсіби білім ғана емес, жоғары әдеп, жауапкершілік және адамгершілік талап етіледі.**



Мемлекеттік қызметкерлердің әдебі – бұл қызметтік міндеттерін орындау барысында сыпайылық, бейтараптық, әділдік танытып, халықпен ашық әрі құрметті қарым-қатынас орнатуы. Әдеп нормаларын сақтау – мемлекеттік қызметшінің басты парызы.

Мемлекеттік қызметкер өз әрекеті арқылы бүкіл мемлекеттік аппараттың абыройын қалыптастырады. Әлеуметтік желілердегі, қоғамдық орындардағы мінез-құлқы да қоғам тарапынан бақылауда екенін ұмытпауы тиіс. Халыққа қызмет ету – жай сөз емес, ол нақты әрекетпен дәлелденуі тиіс.

Сонымен қатар, әрбір мемлекеттік қызметкер жауапкершіліктің биік жүгін арқалайды. Қызметтік міндетін тиісті деңгейде атқармаған, заң нормаларын бұзған немесе халық сенімінен шыққан жағдайда түрлі тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

Мемлекет пен қоғам арасында алтын көпір болу – үлкен абырой. Бұл қызмет – өз халқыңның мүддесі үшін адал еңбек етуге дайын жандардың таңдауы. Мемлекеттік қызметші – тек лауазым иесі емес, ол – халыққа үлгі болуы тиіс тұлға.

Сондықтан, мемлекеттік қызметкерлердің бойындағы жоғары мәдениет пен адалдық – ел болашағына қызмет етудің басты шарты. Бұл – халыққа деген құрметтің және мемлекетке деген адалдықтың көрінісі.

**Берік АБЫЛХАН,**
**Талдықорған қаласы бойынша Әдеп жөніндегі уәкілі**




# 59 АУЛА АБАТТАНДЫРЫЛДЫ

**Облыс орталығы Талдықорғанда аулаларды заман талабына сай абаттандыру жұмыстары жалғасуда. Биылғы жылдың өзінде 59 аула абаттандырылса, алдағы уақытта 39 үйдің шатыр жабындылары мен 20 үйдің қасбеті жаңартылып, жөндеу жұмыстары жүргізіледі.**

Қала әкімінің тапсырмасына сәйкес, биыл да қала аумағында проблемасы жылдар бойы шешілмей келе жатқан аулаларға аса мән беріліп, заман талабына сай ретке келтіру жұмыстары жоспарлы түрде жүргізіліп жатыр. Атап айтқанда, «Жұлдыз» шағын ауданында 18 аула, «Жетісу» шағын ауданында 11 аула және «Ұлан» шағын ауданында 9 аула абаттандырылады.

Еске салсақ, «Ұлан» шағын ауданындағы аулалардың жағдайы тұрғындарды көптен бері алаңдатып келген еді. Өткен жылы 5 аула абаттандырылса, биылғы жылы 9 аула толық жөнделіп, халық игілігіне берілді.

– *«Бұрын баламызды сыртқа шығаруға қорқатын едік, енді алаңсыз ойнайтын орын бар. Аула ашық, жарық, қауіпсіз, барлық талаптарға сай. Қаламыздың осылай өркен жайып, дамып жатқаны қуантады»*, – дейді қала тұрғыны Күлімхан Мамажанова.

Айта кетейік, биыл «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында қала бойынша тағы 20 аула абаттандырылатын болады.

**Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі**

## Қалалық аумақтық сайлау комиссияларының құрамынан шығып қалған мүшелердің орнына кірген мүшелердің тізімі

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 10-бабының 4-тармағына сәйкес:

**Қалалық аумақтық сайлау комиссиясы**

**Орталығы:** Талдықорған қаласы, Абай көшесі, 272, «Ардагерлер үйі» ғимараты.

| № | Аты, жөні, тегі | Қай партиядан немесе қоғамдық бірлестіктен ұсынылды |
|---|---|---|
| 1. | Тұрланов Рақым Жоламанұлы | «Respublika» партиясы Жетісу облысы филиалы |
| 2. | Кузубаев Расул Нихмаджанович | «Алматы облыстық славян қозғалысы» ҚБ |

**Ескертпе:** *Талдықорған қаласының округтік және учаскелік сайлау комиссияларының құрамын өзгерту туралы хабарлама Талдықорған қалалық мәслихатының ресми сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/maslihat-taldykorgan жарияланды.*

## Список кандидатов вошедших в состав членов городской территориальной избирательной комиссий вместо выбывших членов

В соответствии с пунктом 4 статьи 10 Конституционного Закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан»:

**Городская территориальная избирательная комиссия**

**Центр:** город Талдыкорган, ул.Абая № 277, здание «Дом ветеранов».

| № | Ф.И.О. | От какой партии или общественного объединения выдвинуты |
|---|---|---|
| 1. | Тұрланов Рақым Жоламанұлы | «Партия Respublika» филиал области Жетісу |
| 2. | Кузубаев Расул Нихмаджанович | ОО «Алматинское областное славянское движение» |

**Примечание:** *Сообщение об изменении состава окружной и участковых избирательных комиссий города Талдыкорган опубликовано на официальном сайте Талдыкорганского городского маслихата https://www.gov.kz/memleket/entities/maslihat-taldykorgan.*

сайт: www.taldykorgan-online.kz / e-mail: taldyk@bk.ru / тел.: 40-11-02 / мекенжайымыз: Ж.Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

# ЕРЕН ЕҢБЕГІМЕН ТАНЫЛҒАН МАЙТАЛМАН



**Айтулы мереке қарсаңында Ақордада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтап, елеулі еңбегімен көзге түскен бірқатар азаматтарды мемлекеттік наградалармен марапаттады.**

Солардың қатарында өз саласының майталманы, «Талдықорған» қоғамдық-саяси газетінің бас редакторы Нұршанова Гүлжанат Мырзалықызы «Ерен еңбегі үшін» медалімен наградталды.

Гүлжанат Мырзалықызы журналистика саласында 30 жылдан астам уақыт бойы қажырлы еңбек етіп, талай жас буынға үлгі-өнеге көрсетіп келеді. 2019 жылдан бері «Талдықорған» газетінің бас редакторы қызметін абыроймен атқаруда. Қасиетті қалам шебері қаланың қоғамдық өмірінде де белсенді. Талдықорған қалалық Қоғамдық кеңестің мүшесі ретінде салиқалы пікір білдіріп, әлеуметтік, білім, мәдениет, экономикалық, жалпы айтқанда, шаһардың қарыштап дамуына өзіндік үлес қосуда.

Гүлжанат Мырзалықызы журналистика саласы, оның ішінде радио, теледидар арқылы облыс жұртшылығына кеңінен ақпарат таратып қана қоймай, республика тарапынан өткізілген түрлі саяси оқиғаларға белсене атсалысты. Еңбегі еленіп, еңбек кітапшасына облыс әкімінің ерекше алғысы енгізілді. Ақпарат бөлімінің қазанында қайнай жүріп, өзекті мәселелерге назар аударуды өзінің борышы санайтын. Ақпарат бөлімінің басшылық қызметіне тағайындалып, сенім үдесінен шыға білді. Журналистикаға сіңірген еңбегі үшін облыс, қала әкімдерінің Алғыс хаттары мен Құрмет грамоталарын иеленді. 2000 жылы «Талдықорған» газеті жанындағы «Қала тынысы» телебағдарлама бөлімінің басшысы қызметіне тағайындалды. Облыс орталығының тыныс-тіршілігін көрермендерге таныстырумен қатар, газетке түрлі тақырыптарға қалам тербеді. Тынымсыз еңбегінің арқасында газеттің жауапты хатшысы, бас редактордың орынбасары қызметін атқарды. 2019 жылдан мерзімді басылымның бас редакторы қызметіне тағайындалды. Қаламы жүйрік, өзекті мәселелерді толғап, ұлт мұраты, тарих және дін, тіл проблемаларын барынша көтеріп, облыстың «Үздік журналист» номинациясын иеленді. Гүлжанат Мырзалықызы өз қажыр-қайратына сеніп қызметін адал атқаруда. Жыл сайын қала, облыс әкімдері, сала басшылары тарапынан түрлі марапаттарға ие болып келеді. Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл медалінің иегері. Алматы облысы әкімінің қолдауымен жарық көрген «Қараталдың қарлығашы» кітабының авторы. «Талдықорған» газетінің басшысы ретінде басылымның халық пен билік арасындағы алтын көпір болуына ерекше мән беруінің арқасында 2023 жылы этножурналистика саласындағы «Шаңырақ» байқауының «Үздік басылым» номинациясына ие болды.

**Гүлжанат МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ:**

*«Еліміздің жүрегі Астанада Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың қабылдауында болып, марапат алу- зор мәртебе. Менің ойымша, журналистика мамандығын таңдаған адам өз кәсібіне өте адал болуы керек. Сонымен қатар қағазы мен қаламы арқылы қорғансызға пана болып, әділеттілікті жақтағандары жөн. Қоғамдағы болып жатқан жетістіктермен қатар келеңсіздіктерді аямай жариялаудан адасып қалмау абзал. Дей тұрғанмен, тың ақпараттарды жариялаған кезде дерек пен дәйек толық болуы шарт. Елден, көшеден естіген жалаң сөздерге сеніп жаза берсе ондай жаңалықтардың көк тиындық құны болмайды. Біз осыған абай болуымыз керек. Бұқаралық ақпарат құралдары – халық пен биліктің арасындағы алтын көпір.*

*Қаламгер қауымның сөзіне де, ісіне де әділ, адал болуының маңызы зор деп ойлаймын.*

*Әріптестер, баршаңызға зор денсаулық, бақытты ғұмыр, шығармашылық табыс, отбасыларыңызға ырыс-береке тілеймін!»*

**Данагүл МӘКЕН**

# ШЫН ЖҮЙРІК БӘЙГЕДЕ ТАНЫЛАДЫ

**Журналистер мерекесі қарсаңында «AMANAT» партиясы Жетісу облыстық филиалының төрағасы Арыстанғали Қадырұлы Арын БАҚ саласының 30-дан астам қызметкерін марапаттады.**



– Құрметті журналистер, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын!

БАҚ – қоғамның айнасы, ел дамуының шежіресін хаттап, халық пен билік арасындағы алтын көпір қызметін атқарып жүрген аса маңызды әрі жауапты сала. Бүгінде Жетісу облысында 43 өңірлік БАҚ табысты жұмыс істеп келеді. Осы салада еселі еңбек етіп, қалам тербеп жүрген барша журналистерге шынайы алғысымды білдіремін.

Сіздер өңіріміздің саяси, экономикалық және әлеуметтік өмірін жан-жақты әрі терең көрсетіп келесіздер. Қаламына адал, сөзіне берік, шындықты ту еткен журналистер еңбегі – баға жетпес.

Қаламдарыңыз қарымды, ойларыңыз ұшқыр, еңбектеріңіз жемісті болсын! Әрбір жазған мақалаңыз бен айтқан сөзіңіз қоғам игілігіне қызмет етіп, ел дамуына зор үлес қоса берсін.

Сіздерге зор денсаулық, шығармашылық шабыт және жаңа белестер тілеймін! Бұл жетістіктер — барша журналистер үшін үлкен мотивация. Биылғы байқауға қатысатын қалам иелеріне де сәттілік тілеймін!

Өнер мен шығармашылықтың биік шыңына ұмтылған қадамдарыңыз әрдайым сәтті болсын! - деді.

Осы орайда, «AMANAT» партиясының бастамасымен жыл сайын ұйымдастырылатын «AMANAT МЕДИА СЫЙЛЫҒЫ» республикалық байқауында екі жыл қатарынан «Жетісу» телеарнасының тележүргізушілері мен тілшілері – Гүлжан Қызайбай мен Мөлдір Сапар жеңімпаз атанды.

Сонымен қатар, «Ұлы Дала» байқауындағы «Поэзия» номинациясында өзінің дарынымен және өнерімен дараланған «Егемен Қазақстан» газетінің меншікті тілшісі Мұхтар Күмісбек те лайықты бағасын алды.

# ЖАРЫС АЛАҢЫНДА – ЖУРНАЛИСТЕР

**Жетісу облысы құрылғалы алғаш рет Бұқаралақ ақпарат құралдары арасында спартакиада ұйымдастырылуда. Қалам мен камераны серік еткен журналистер 7 спорт түрінен сынға түсті.**



Алғашқы жарыстар – футбол мен волейболдан тартысты өтті.

23-25 маусым күндері тоғызқұмалақ, шахмат, үстел теннисі, дойбы және бильярд бойынша жарыстар жалғасты.Спартакиада – тек жарыс емес, бұл – достық, сергектік пен ынтымақ алаңы.

Жалпы алғанда, бұл шараны Жетісу облысының Қоғамдық даму басқармасы, Спорт басқармасы және «Спортты дамыту дирекциясы» КММ бірлесе ұйымдастыруда.

«Жетісу Медиа» басшысының орынбасары Рүстем Қанапиянов: «Жетісу облысы бойынша бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері арасындағы І спартакиадасына қатысушылар жақсы белсенділік танытты. Тартысты өткен спорттық ойындардың алғашқы ойынында жүлдегерлер есімі анықталды. Волейболдан облыстық телеарна, шағын футболдан – «Жетісу» газеті спортшылары 1-орынды иеленді».

Әрине, осы турнирдегі жеңіске жету жолы – команданың ұйымшылдығының, алаңда түсінісе білгендігінің және жеңіске деген жігерлілігінің арқасы , – дейді қатысушылар. Турнирдің мақсаты – журналистер арасында жеңімпазды анықтау емес, ең бастысы, БАҚ өкілдерінің достығын нығайту.

Спартакиаданың шахмат ойыны да өте тартысты өтті. «Талдықорған» газетінің қызметкері Сәуле Мускенова қарсыластарын шақ келтірмеді. Осылайша, ол шахматтан үздік ойыншы атанды. Сәуле Рамазанқызына арнайы кубок пен грамота табысталды.

**Данагүл ӘНУАРБАКҚЫЗЫ**



28 МАУСЫМ

БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

*құтты болсын!*

## *Құрметті журналистер және бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері!*



Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Ақпарат тасқыны күшейген қазіргі заманда журналистер қауымы қоғам өмірінде ерекше орынға ие. Сіздер қашан да мазасыз әрі маңызды қызмет атқарып, қайнаған оқиғалар ортасынан табыласыздар. Қоғамның көкейкесті мәселелеріне назар аударып, шындықты бүкпесіз жеткізу арқылы ел мен елдің, билік пен халықтың арасындағы сенімді көпірге айналдыңыздар.

Сіздердің жанкешті еңбектеріңіздің арқасында Талдықорған қаласының тұрғындары ел мен өңірдегі маңызды жаңалықтардан дер кезінде хабардар болып отырады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың: «Бұқаралық ақпарат құралдары – азаматтық қоғамның ажырамас бөлшегі. Журналистер шындықты айту арқылы әділеттілікті нығайтады» деген сөзі сіздердің кәсіби жолдарыңыздың маңызын айқын көрсетеді деп білемін.

Құрметті төртінші билік өкілдері!

Сіздерді төл мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық тілеймін! Өз кәсіптеріңізге адалдық танытып, ақпарат майданында маңызды жаңалық жеткізуді мұрат тұтқан игі істеріңізге табыс, шығармашылық шабыт тілеймін! Жағымды жаңалықпен қала жұртшылығын қуанта беріңіздер!

Мереке құтты болсын!

***Ернат БӘЗІЛ, Талдықорған қаласының әкімі***

сайт: www.taldykorgan-online.kz / e-mail: taldyk@bk.ru / тел.: 40-11-02 / мекенжайымыз: Ж.Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

# КҮЛДІРГІМ КЕЛІП ТҰРАДЫ



**«Талдықорған» газетінің тұңғыш редакторы, ҚР Журналистер Одағының, ҚР Жазушылар одағының мүшесі, сатирик Тұрлыхан Кәрім 1955 жылы дүниеге келген. «Құбыжық», «Күлдіргім келіп тұрады», «Есімде әлі сол күндер», «Еркек қалай күн көрер?», «Тілімнің тікені бар» кітаптарының авторы. «Ең үздік сатира» номинациясы бойынша облыстық Тіл басқармасы конкурсының 1 дәрежелі, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитеті конкурсының 2-ші дәрежелі дипломанты. Бүкілодақтық халық шығармашылығы байқауының лауреаты.**

**Қарымды қаламгер, әзілкеш Тұрлыхан Кәрім кенеттен дүние салмағанда 70 жасқа толар еді. Көзін көрген «Талдықорған» газетінің ұжымы жазушының әзілдерінен үзінді беруді жөн санады.**

## МҰНДАЙ ДА БОЛАДЫ ЕКЕН...

Тіркелмеген деген анықтама ала қояйын деп психиатрға барып... кезек ұзақ-сонар, кезексіз кірушілер жүйке жұқартып, бұл амалсыз ашуға беріліп, ақыры айғай-сүреңге ұласып, соңында бұны «психикалық ауыруы бар» деп тіркеп тынды...

*** Дәрі ала қояйын деп барып, бағасы удай... бүйткенше өле қалған жөн шығар деп жерлеу мекемесіне барып еді... мұндағылардың қызмет көрсету бағасы тіптен удай... қайта дәріханаға қарай шапты...

*** Зоопарк күзетшісі: – Маған екі мың доллар жинап берсеңдер мен арыстанның торына кіріп қана қоймай, қол-аяқ, басыма дейін оның аузына тыға аламын деп, – кеуде соқты. Келгендерге де қызық керек, әлгінікін жинап бере қойып еді... пәлекет күзетші торға кіріп қана қоймай, бас-аяғын арыстанның аузына кезекпе-кезек тығып ерлік жасағаны бар... Сөйтсек, пәлекет күзетші соның алдында ғана 200 долларға 30 килограмм шошқа етін сатып алып, арыстанды аузы-мұрнынан шығара тамақтандырып қойған екен...

*** Шетелдің нән де өте қымбат көлігінің артындағы жазу: «Мені тегі болмаса сүйкеп өтесіздер ме, өйткені маған да ақша керек еді...»

*** Зейнетақысы 10 пайызға өсіп еді, әжейге немерелері де келуін 10 пайызға жиілетті...

## КЕШІР, АРНАЙЫ ШАҚЫРАМЫН...

Әйелім түнгі кезекке жұмысқа кетіп, маңдайымызға біткен төрт баланы тамақтандырып отырғанмын. Біреуі – нан, екіншісі – айран, үшіншісі – көже, төртіншісі – талқан сұрап есімді шығарды. Осыны аңдығандай апталап жөнделіп, айлап үні өшетін төрдегі телефонға тіл біткені. «Тамақ жасауға тапсырыс бергелі отырған бәйбішем шығар», деп қалталақтай барып қондырғысын көтердім. Жоқ, ішіп кеткен еркектің дауысына ұқсайды. – Әлеу, кім екен? – дедім. – Көкішпін ғой, институтта бірге оқыған... – Ой, ит-ау, қайдан звондап тұрсың? – Вокзалдан… – Ойбу, енді не істедім… Он жылдай болды, аты жоқ көшеде тұрамыз. Әйелім түнгі жұмыста, балаларға қарап отыр едім. Кете қалсам, мына қағынғырлар үйді өртеп жіберуден тайынбайды. Қап! – Былай… жобалап жолын айтсаң да тауып алармын. –Тыңда онда… Айналма жолмен барып теміржол көпірінен өткесін оң жағында коммунистер, сол жағында Шевченко көшесі… Оған жетпей бес переулок бар. Орталарында ескі монша, Үсенбайдың ескі үйі, өте қалғаныңда Өтештің өрт сөндіретін машинасы тұрады, ол иттің өрт жоқ кезде аң аулап кететіні бар… Егер өрт сөндіретін машина көрінбесе, сол жағындағы Құдыштың үйіндегі көк мотоциклді көресің. Ол ит те құдасына барамын деп отыр еді. Ой, шын іздеген адам оңай табады. Құдыштың үйінен кейін кілт бұрылып тауға қарай жүрсең алдыңнан көк қақпалы Қапастың үйі кезігеді. Соған жетпей оңға бұрылып кетсең суы жоқ көлденең арық жатыр. Түсіп кетпей солға қарай жылжысаң бір кісілік ағаш көпір… Өтесің де тура тартасың… Аты жоқ екі көшеден өткеннен кейінгі бұрылыста біздің көше. Сәл төмен түссең, бір жағы жабылмайтын ағаш қақпамыз көзге ұрып тұр. – Түк түсінсем бұйырмасын! – деді досым бұлқан-талқан болып. – Басқадай төте жол жоқ па?.. – Ей, онда сен пойыздың астынан еңбектеп өт те, құмдауыт шағылдың арасындағы соқпақ жолға түс. Алдыңнан биік мұнара көрінеді. Содан көз алмастан ілгері жүргеніңде Ескермес шалдың ескі үйі тұр. Соған жетпей солға бұрылсаң бұзылған мектептің орны жатыр. Оған тоқтама, түнде ұрылардың бәрі сол жерге жиналады. Сәл жүргеннен кейін оңға бұрылсаң… өй, өзің көресің… Шатырбайдың қорасын айналып өткенде шағын көше көлденеңдейді. Бас жағынан санағанда алтыншы үй… Көршілерден сұрайсың ғой… – Түн ішінде кім мені үйіне кіргізеді дейсің?.. – Біздің жақтағылар есігінің ілгегін салмайды. Іркілмей кіріп, тезірек шықсаң болғаны. Мен майға кеспе басқанша келіп те қаласың. Давай, құшақтасып көріскенше, досым… Тағатсыздана күткенімді қайтейін, досымды біздің үйдің дәмі тартпады. Түні бойы тентіреп, таңғы пойызбен тартып кетіпті. «Кешір. Көшемізге ат берілген күні нөмірін көрсетіп, әйелің екеуіңді арнайы қонаққа шақырамын» деп, қалаға кетіп бара жатқан Қапшықбайдан хат жолдадым.

**Тұрлыхан КӘРІМ**

# ЖУРНАЛИСТ – РУХАНИ МАЙДАНГЕР

**Уақытпен санаспастан тілшілік тіршілік қазанында қайнап, ел мүддесі үшін ерінбей еңбек ететін журналист – бүгінгі күннің бейресми батыры. Бұл жол жауапкершілік пен терең танымды, тәуелсіз ой мен тұғырлы ұстанымды талап етеді. Қаламы арқылы қоғамның тамырын дөп басып, оқырманның жандүниесіне жол тапқан әрбір әріптесіміз руханият майдангерлері. Әр сөзінде салмақ, әр сөйлемінде мағына бар. Қоғамдағы кез келген қозғалыстың дүрсілін алғаш аңғарып, соны халыққа жеткізетін де қалам иелері екені даусыз.**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев күні кеше БАҚ саласы қызметкерлерін марапаттау салтанатында «Сіздер мемлекет саясатын елге түсіндіріп, қоғам мен биліктің арасында көпір болып келесіздер. Елімізде жасалып жатқан реформалардың мән-мағынасын жұртшылыққа жеткізіп жүрсіздер. Бұл – өте маңызды, күрделі, ерекше жұмыс. Әрбір адамның қолынан келмейді» - деп ұлттық медиа – халықтың үні, ал журналист жасампаздық жаршысы екенін атап өтті. Олар ел ішінде болып жатқан оқиғаларды екшейтін, сараптап жеткізетін сарабдал маман. Шындық пен әділеттілік жолындағы талпыныс, халыққа адал қызмет ету олардың күнделікті кәсібінің өзегі. Журналистік еңбектің шынайы рақаты — көрерменіңнің ойыңды бөлісіп, оқырманыңның жүрегіне жетуінде, тыңдаушының тілегін тап басуында. Қызметіміз жайлы «Халықтың көзі, құлағы һәм тілі» болып жүрген сала мамандары сөйлесін.



**Еңлік КЕНЕБАЙ,**
**Жетісу облыстық «Jetisŷ» газетінің жауапты хатшысы:**

*– Ғасырдан асқан тарихы бар қасиетті қара шаңырақ «Jetisŷ» газетінде қызмет етіп келе жатқаныма 10 жыл болды. Бұл – менің қасиетті қара шаңырағым. Өз уақытында халқымыздың небір қаймақ қайраткерлері кенен де кемел ой-пікірлерімен руханият шырағданын маздата жақты. Сол тұста газеттің сарғайған беттерінде саясаттың, әдебиет пен журналистиканың қара нарлары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Ілияс Жансүгіров, Мұхтар Әуезов, Міржақып Дулатов, Сәкен Сейфуллин, Смағұл Сәдуақасовтың қолтаңбасы қалған. Міне, біз бүгінгі таңда қасиетті де қастерлі басылымда қызмет етіп жүрген ең бақытты ұрпақпыз. Редакциядағы жауапты хатшы – редакцияның жүрегі. Себебі бұл қызмет екі есе жауапкершілік жүктейді. Редакциядағы әрбір қызметкерлермен тығыз жұмыс істейтін де дәл осы маман. Ақ қағазға түскен мақаланы қабылдап, тақырыбына қарай беттерге бөлу, мазмұнына сай жинақтау, беттеуші мамандармен бірлесе отырып газет дизайнын өзгерту, түрлендіру, оған жан бітіру, қысқасы, газет «қыздың жиған жүгіндей» қатесіз оқырман қолына тигенге дейінгі жұмыс жауапты хатшының міндетіне кіреді. Қандай мамандық, лауазым болса да ең бірінші мамандыққа деген махаббат адал болуы керек. Мамандығын, жұмысын жақсы көрген, сыйлаған адам еңбектен шаршамайды, талмайды. Шерхан Мұртазаның тілімен айтқанда «жегені – жантақ, арқалағаны – алтын» тілшілер халықтың тіршілігінен, әлеуметтік әл-ауқатынан, руханияты мен қоғам тынысынан хабар тарататын қалам иелері «Қаламға және жазуға серт» етіп, абыройлы еңбек етулеріне тілектеспін.*



**Аяулым САНСЫЗБАЕВА,**
**жаңалықтар бөлімінің шығарушы редакторы:**

*– Журналистикаға 17 жасымда келдім. 2009 жылдың қыркүйек айы. «Жетісу» арнасында жастарға арнайы сабақ өтіп жатқанын естіп, барған едім. Мұндағы атмосфера бірден баурап алды. Бейсен ағамыз өзім тәрізді жастарға басшы ғана болмай, қамқорлық танытты. Қанат бітіріп, жол көрсетіп, самғатты. Ең алғашқы эфирім «Таңжарық» бағдарламасы болды. Мен өте тұйық, ұяң болатынмын, журналистика ең әуелі мінезімді қалыптастырды. Осы жерде өсіп-өндік, жетістіктерге қол жеткіздік, жалпы, аталмыш салаға келгеніме бақыттымын. Журналистер қауымы қай дәуірде де халқына шынайы, жедел ақпарат жеткізуді мұрат еткен, кәсіби шеберліктің жарқын үлгісін көрсетіп келе жатқан абзал жандар. Олар бүгін де, ертең де ел мүддесін көздейтін маңызды мәселелерді көтеріп, ұлттық құндылықтарды дәріптеуде алғы саптан табылары анық. «Дәл бүгінгі таңда ақпарат айналымындағы бірінші кезекте тұрған журналистік туынды – жаңалық. Әлбетте, бұл бағыттағы негізгі нысан – тележаңалықтар». Жаңалықтар топтамасының тұрақты түрде эфирге шығуы барысында еңбектеніп келеміз. Ардың жүгін арқалап, көргенімізді зерттеп-зерделеп, қалың бұқараға қызмет етудеміз.*



**Арайлым НҰРЖАПАР,**
**Жетісу облысының Өңірлік коммуникациялар қызметінің тілші-модераторы:**

*– Шын мәнінде, қызығы мен қиындығы қатар жүретін бұл сала қалам ұстаған, Шерхан атамызша айтсақ, жантақ арқалаған бұл қауымға артылар жүк ауыр. Жаңалықтың жаршысы, жақсылықтың хабаршысы болып қоғамдық ахуалдың алғы шебінде жүретін айрықша кәсіп иелерінің қызметі қадірлі де, құрметті. Жетісу облысының Өңірлік коммуникациялар қызметіне биыл 3 жыл толады. Бұл мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізетін маңызды құрылым. Халыққа ресми ақпарат таратып, мемлекеттік органдар мен қоғам арасындағы байланысты қамтамасыз етеді. Негізгі қызметтері - баспасөз мәслихаттарын ұйымдастыру, ақпараттық пресс-турлар ұйымдастыру, ақпарат тарату, ақпараттық түсіндіру жұмыстары, координация, түрлі тақырыптарда подкасттар жүргізу. Бір сөзбен айтқанда Өңірлік коммуникациялар қызметі — мемлекеттің «ақпараттық дауысын» жеткізетін ресми алаң.*

**Назерке ӘДІЛБЕКОВА**

# Жарқын бейнесі есімізде





**Ақын, журналист, «Тіл жанашыры» төсбелгісінің иегері, әріптесіміз Гүлайым Түстікбай тірі болғанда биыл 65 жасқа келер еді.**

**Гүлайым Мәнтайқызы бұрынғы Алматы облысы, Қаратал ауданында 1960 жылы 10 шілдеде қарапайым отбасында дүниеге келген. Саналы ғұмырын елге қызмет етуге арнады. 2006 жылдан бастап өмірінің соңғы күндеріне дейін «Талдықорған» қоғамдық-саяси газетінде бас редактордың орынбасары қызметін атқарды. Ол 2015 жылы қыркүйек айында мезгілсіз дүниеден өтті. Ақынның соңғы жырларын назарларыңызға ұсынамыз.**

## Айдан, күннен ізде тек жәудіреген көзімді

Тау жатыр ғой арада жылжымайтын мәңгілік.
Жұбататын көңілді ататұғын таң күліп.
Сен сезерсің алаудай шарқ ұрған жанымды,
Жеткіз оған, ала таң, барлық мұңым, зарымды.

Жұлдыз сезіп қойғандай жасырынған сырымды,
Көктің күліп төрінен тарқатылған бұрымы.
Сен келердей соғады жүрегімнің дүрсілі,
Тоқтамайды түнімен тереземнің тырсылы.

Көктегі Айға «әй- әй» деп аялап ем алақан,
Балақ түріп саз кешкен кездерімде балапан.
Білесің бе сағындым, сарғалдақтай көктедім,
Жеткіз оған, Ай нұры, жеткіз оған көктен үн.

Жел де болғым келеді аңсағанда өзіңді,
Кермек тамшы айырған қойшы мына төзімді.
Шыдамасқа жоқ амал, құрдымыңа кетпеймін,
Айдан, Күннен ізде тек жәудіреген көзімді.

## Алау сезім

Таусылмайды өмірдің өрнектері,
Ұшқан сайын көңілдің көк кептері.
Елуімнің шуақты күніндейсің,
Сағыныштың сәулесі сөнбейді енді.

Сөнбейді енді мендегі алау сезім,
Жұмсадағы тұнық түн қара көзін.
Қалсадағы жұлдыздар бұлт жамылып,
Кетсе дағы жел ескен бұла кезім.

Естеліктің енесің есігінен,
Иілетін кем еді есім кімнен
Жүрегімді тынымсыз лүпілдеген,
Теңеймін қауыз жарған күзгі гүлмен.

Махаббат та тірлігіңді мәңгі сын,
Құдыретіңе алау сезім, тәнтімін.
Қымбат маған мына өмір сен барда.
Қымбат маған сүйіп өткен әр күнім.

сайт: www.taldykorgan-online.kz / e-mail: taldyk@bk.ru / тел.: 40-11-02 / мекенжайымыз: Ж.Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

## ҚАУІПСІЗДІК

# САНИТАРИЯЛЫҚ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

**Демалыс орындарына барған кезде келесі қауіпсіздік шараларын сақтау қажет:**

■ санитариялық ережелердің талаптары сақталмаған жерлерде, сондай-ақ жарақат алу қаупі бар жерлерде «шомылуға тыйым салатын белгілер» болуы керек, бұл белгілерді жергілікті атқарушы органдар орнатады;

■ шомылу аумағының жай-күйіне (тұрмыстық және құрылыс қалдықтарының бар-жоғына) назар аудару қажет, демалғаннан кейін қалған тұрмыстық қоқыстарды тазалауды және арнайы контейнерлерге тастауды ұмытпау керек;

■ жағажайда су асты ағысы бар жерлерден аулақ болған жөн,ересектер балалардың қалтқылардан асып кетпеуін қадағалап және оларды үнемі бақылап отыруы керек;

■ жәндіктердің шағуынан қорғану үшін жәндіктерді тежейтін және жоятын құралдарды (репелленттер мен инсектицидтер) қолдану ұсынылады;

■ жылу соққысы мен күннен күйіп қалудың алдын алу, бас киімді пайдалану, жасына сәйкес күн қорғанысын қолдану қажет;

■ шомылу және демалу үшін арнайы шомылу орындарын таңдаңыз, өйткені олардағы су мониторинг барысында бақыланады.

Тұрғындар тек арнайы жабдықталған рұқсат етілген жерлерде, жағажайларда, бассейндерде шомылу керек. Қауіпсіз шомылу үшін қолайлы төменгі температура шегі: су температурасы +18°C, ауа температурасы + 22°C. Бұл денсаулығы қалыпты адамдарға ұсынылған. Ал балалар мен денсаулығы нашар адамдар үшін мұндай температурада шомылу денсаулық пен өмір ге қауіп төндіреді.

Сіздерге жазғы демалыстарыңызды қызықты да, көңілді өткізуді тілей отырып, жағажайлар мен демалыс орындарында қауіпсіздік шаралары мен санитариялық талаптарды қатаң сақтауға шақырамыз!

**С.АХАН,**
**Талдықорған қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы**
**З.КОПБАЕВА,**
**Талдықорған қалалық санитариялық-гигиеналық бақылау және қадағалау техникалық регламенттерді бақылау бөлімінің жетекші маманы**

# ҚАРАҚҰРТ ШАҒУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

«Талдықорған қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ (бұдан әрі-Басқарма) Талдықорған қаласы бойынша қарақұрт шағудың жағдайы туралы мәлімдейді.

Қарақұрт – әлемдегі ең қауіпті деп саналатын өрмекші. Оны «қара жесір» деп те атайды. Өрмекшілердің адамдармен кездесулері, олардың қоныс аударуы кезінде орын алады, көбінесе қарақұрттар ұя салу және өздеріне сыртқы қап тоқу үшін жақсы қорғалған жерлерді іздейді.

Қазақстанда қарақұрттар құрғақ және шөлді жерлерде, құмды және тасты жағажайларда, төмен өсімдіктер арасында мекендейді және көбейеді, жерге жақын тұрады.

Шағудың өзі ауыртпайды және денеде тістеген жерді табу қиын, өйткені өрмекші теріні тістей алмайды. Алайда, тістегеннен кейін көп ұзамай улану бүкіл денеге таралады және адамда өткір ауырсыну синдромы пайда болады, көбінесе ауырсыну бел жақты пайда болады, іште, кейде белдің өзінде жүреді, қыздыра ауырту шағу орнынан жоғары көтеріледі, ентігу, жүрек соғу жиілігі, бас ауруы, құсу пайда болып, адам қатты терлей бастайды. Егер адам уақытында дәрігердің көмегіне жүгінбесе, алжасуға айналатын қозған күй кешеді. Үш күннен кейін дене қышыма бөртпемен жабылуы мүмкін, ал тағы үш күннен кейін одан із де қалмайды. Жалпы, қарақұрт өрмекшінің шағуынан қалпына келу,айығу процесі 3-тен 10 күнге дейін созылады.

Сізді улы өрмекшілер шағып алмау үшін-оларды ешбір жағдайда қолыңызға алмаңыз, ұстап алуға және ыдысқа салуға тырыспаңыз. Келесі кеңестерді сақтай отырып, сіз жабайы табиғатта - жаяу серуендеуде, пикникте, аң аулауда немесе балық аулауда өзіңізді улы өрмекшілерден қорғай аласыз. Табиғатта, оның мекендейтін жерлерінде қарақұртқа тап болмас үшін қажетті сақтық шараларын сақтау ұсынылады:

► ашық далада жалаң аяқ жүрмеу;
► тығыз жабық аяқкиім киіңіз;
► мата күркенің кіреберісін мықтап жабыңыз немесе жабындыларды қолданыңыз;
► демалыс уақытында киімдер мен аяқкиімдерді немесе серуендеу алдында, оларды киер кезінде мұқият тексеріңіз.

Егер сізді қарақұрт өрмекші шағып алса, мүмкіндігінше тезірек жақын маңдағы емханаға, ауруханаға, фельдшерлік пунктке барып көмек сұраңыз немесе жедел жәрдем шақыруыңыз қажет.

Өзіңізге және жақындарыңызға қамқорлық жасаңыз!

**С.АХАН,**
**«Талдықорған қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ басшысы**

# ДЕЗИНФЕКЦИЯ В ЛЕЧЕБНО-ПРОФИЛАКТИЧЕСКИХ УЧРЕЖДЕНИЯХ

Дезинфекция является неотъемлемой частью любой медицинской деятельности. Целью дезинфекции в лечебно-профилактических учреждениях является профилактика возникновения и распространения инфекций, связанных с оказанием медицинской помощи. Задача дезинфекции: разрыв путей передачи возбудителей инфекционных заболеваний от источников инфекций к восприимчивым людям (от инфекционного больного к его окружающим).

Профилактическая дезинфекция проводится в ЛПУ (местах вероятного скопления возбудителей инфекций). **Различают 3 формы профилактической дезинфекции:**

**ПЛАНОВАЯ** – проводится при отсутствии эпидемиологических показаний с целью уменьшения микробной обсемененности объектов, предупреждения распространения микроорганизмов в окружающей среде, освобождения помещений лечебных учреждений от членистоногих (дезинсекция) и грызунов (дератизация). При этом проводится обеззараживание всех видов поверхностей, изделий медицинского назначения, гигиеническая обработка рук медицинского персонала, частичная и полная санитарная обработка кожных покровов пациентов, обеззараживание питьевой воды, медицинских отходов.

**ПО ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКИМ ПОКАЗАНИЯМ** — с учетом особенностей инфекционного заболевания в тех отделениях, где нет вспышки для ее профилактики.

**ПО САНИТАРНО-ГИГИЕНИЧЕСКИМ ПОКАЗАНИЯМ** — как разовое мероприятие на территориях, находящихся в неудовлетворительном санитарном состоянии по методикам текущих и генеральных уборок.

Очаговая дезинфекция проводится в очагах инфекционных заболеваний при выявлении инфекции с целью предупреждения распространения возбудителей инфекции. **Очаговая дезинфекция проводится в следующих формах:**

**ТЕКУЩАЯ ОЧАГОВАЯ ДЕЗИНФЕКЦИЯ** — проводится в присутствии пациента с момента выявления инфекционного заболевания до его выписки из стационара (либо перевода в другое отделение).

Производится обеззараживание всех видов поверхностей, оборудование, предметов ухода, изделий медициского назначения, рук медперсонала. Цель: в действующем эпид. очаге в присутствии источника инфекции снизить массивность микробной контаминации окружающей среды.

**ЗАКЛЮЧИТЕЛЬНАЯ ОЧАГОВАЯ ДЕЗИНФЕКЦИЯ** — проводится с учетом нозологии инфекции однократно после выписки пациента из стационара, перевода в другое отделение либо смерти. Цель: полное уничтожение возбудителей инфекционного заболевания в очаге после удаления из него источника инфекции.

Дезинфекция в помещениях методами орошения, опыливания, протирания препаратами, обладающими раздражающим действием и вызывающими аллергические реакции, проводится при отсутствии других людей.

**Гаухар ОМИРЗАКОВА,**
**РГУ «Управление Талдыкорганского санитарно-эпидемиологического контроля», Ггавный специалист отдела эпидемиологического надзора и контроля**

## ЗДОРОВАЯ НАЦИЯ

# ОРВИ У ДЕТЕЙ



ОРВИ (острая респираторная вирусная инфекция) у детей — это группа вирусных инфекций, поражающих дыхательные пути. У детей особенно часто встречаются из-за незрелого иммунитета и контактов в детских коллективах (сад, школа).

**ОСНОВНЫЕ СИМПТОМЫ ОРВИ У ДЕТЕЙ:**

**Общее состояние:**
► Повышение температуры (от 37,5°C до 39°C и выше);
► Вялость, сонливость, раздражительность;
► Потеря аппетита.

**Катаральные симптомы (зависит от типа вируса):**
► Насморк (ринарея), заложенность носа;
► Кашель — сухой или влажный;
► Боль или першение в горле;
► Осиплость голоса;
► Чихание.

**Дополнительные проявления:**
► Головная боль;
► Боль в мышцах и суставах;
► Конъюнктивит (особенно при аденовирусе);
► Возможна сыпь (например, при энтеровирусе).

**ПРОФИЛАКТИКА ОРВИ У ДЕТЕЙ:**

**1. Закаливание и укрепление иммунитета:**
- Ежедневные прогулки на свежем воздухе;
- Соблюдение режима дня и сна;
- Рациональное питание с витаминами (фрукты, овощи, белки).

**2. Гигиена:**
- Регулярное мытьё рук;
- Обучение ребёнка не трогать лицо руками;
- Использование одноразовых носовых платков.

**3. Снижение контактов в сезон эпидемий:**
- Избегать массовых мероприятий в сезон подъема ОРВИ;
- Проветривание помещений, увлажнение воздуха.

**4. Вакцинация  Когда обращаться к врачу при ОРВИ у ребёнка:**
- Температура держится;
- Ребёнок отказывается от питья;
- Сильная вялость, затруднённое дыхание;
- Судороги, сыпь, рвота.

Кашель мешает спать или усиливается

**Подготовили медсестры «Многопрофильной областной детской больницы» М.СЛАМБЕК, Б.БИДУАНОВА, К.ИСАБЕКОВА**

# ЗДОРОВЫЙ ОБРАЗ ЖИЗНИ

Здоровый образ жизни (ЗОЖ) — это совокупность привычек и действий, направленных на поддержание физического, психического и социального благополучия. Он помогает не только избегать болезней, но и жить дольше, активнее и счастливее.

**ОСНОВНЫЕ КОМПОНЕНТЫ ЗДОРОВОГО ОБРАЗА ЖИЗНИ:**

**1. Правильное питание:**
- Сбалансированный рацион (белки, жиры, углеводы, витамины, минералы);
- Умеренность в порциях, режим питания;
- Минимум сахара, соли, обработанных продуктов, газировок;
- Достаточное потребление воды (обычно 1,5–2 литра в день).

**2. Физическая активность:**
- Минимум 30 минут умеренной нагрузки в день (ходьба, зарядка, плавание);
- Детям и подросткам — активные игры, спорт;
- Упражнения для гибкости, силы, выносливости.

**3. Сон и режим дня:**
- Взрослым — 7–9 часов сна в сутки;
- Детям — по возрастным нормам (от 10 до 14 часов);
- Регулярное время подъема и отхода ко сну.

**4. Отказ от вредных привычек:**
- Полный отказ от курения, алкоголя, наркотиков;
- Минимизация пассивного курения и других вредных воздействий.

**5. Гигиена:**
- Регулярное мытьё рук, уход за телом, чистка зубов;
- Личная и бытовая гигиена — залог профилактики инфекций.

**6. Психическое здоровье:**
- Управление стрессом (отдых, дыхательные практики, прогулки);
- Здоровые отношения с людьми;
- Обращение за помощью при тревоге, депрессии и других проблемах.

**7. Медицинская профилактика:**
- Регулярные осмотры у врача;
- Вакцинация;
- Контроль давления, сахара, массы тела и других показателей.

**Простой девиз ЗОЖ:**
«Двигайся больше, ешь разумно, отдыхай качественно, думай позитивно».

**Подготовили медсестры «Многопрофильной областной детской больницы» М.СЛАМБЕК, Б.БИДУАНОВА, К.ИСАБЕКОВА**

# БРОНХИТ

Бронхит — это воспаление слизистой оболочки бронхов (дыхательных путей, ведущих в лёгкие). Может быть острым или хроническим. Чаще всего возникает после или на фоне вирусной инфекции.

**ВИДЫ БРОНХИТА:**

**Острый бронхит:**
- Возникает внезапно, чаще всего после ОРВИ;
- Обычно длится до 2–3 недель.

**Хронический бронхит:**
- Длится более 3 месяцев в году в течение 2 лет подряд;
- Часто связан с курением, загрязнённым воздухом или другими хроническими заболеваниями лёгких.

**СИМПТОМЫ БРОНХИТА:**
- Кашель (вначале сухой, затем с мокротой);
- Одышка, особенно при нагрузке;
- Хрипы при дыхании;
- Боли или дискомфорт в груди;
- Повышение температуры (чаще при остром бронхите);
- Утомляемость.

**ПРОФИЛАКТИКА БРОНХИТА:**

**1. Избегать переохлаждений и вирусных инфекций:**
- Одевайтесь по погоде, особенно в холодное время года;
- Избегайте контакта с больными ОРВИ;
- Часто мойте руки.

**2. Поддерживать иммунитет:**
- Сбалансированное питание;
- Физическая активность;
- Достаточный сон;
- Приём витаминов при необходимости (особенно витамин C и D в сезон простуд).

**3. Отказ от курения:**
- Курение — основной фактор риска хронического бронхита;
- Также вреден пассивный дым.

**4. Чистый воздух:**
- Регулярное проветривание помещений;
- Увлажнение воздуха;
- Использование очистителей воздуха при плохой экологии или аллергии.

**5. Вакцинация:**
- Прививки против гриппа и пневмококка помогают снизить риск осложнений, включая бронхит.

**6. Правильное лечение простуд и ОРВИ:**
- Не запускать болезнь, лечить под наблюдением врача;
- Избегать самолечения антибиотиками — при вирусном бронхите они неэффективны.

**ВАЖНО:**
Если кашель длится более 2–3 недель, усиливается, сопровождается температурой, кровью в мокроте или сильной одышкой — нужно обратиться к врачу. Это может быть признаком пневмонии или других заболеваний лёгких.

**Подготовили мед.сестра «Многопрофильной областной детской больницы» М.СЛАМБЕК, Б.БИДУАНОВА, К.ИСАБЕКОВА**

сайт: www.taldykorgan-online.kz / e-mail: taldyk@bk.ru / тел.: 40-11-02 / мекенжайымыз: Ж.Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

# ОТЕК ЛЕГКИХ: ПРИЗНАКИ, ПЕРВАЯ ПОМОЩЬ И ЛЕЧЕНИЕ

**Отек легких – это острое, угрожающее жизни состояние, при котором в легочной ткани и альвеолах скапливается жидкость, нарушая газообмен и вызывая удушье. Он может быть вызван сердечной недостаточностью, инфарктом миокарда, гипертоническим кризом, заболеваниями почек, отравлениями, тяжелыми инфекциями или травмами.**



**ПРИЗНАКИ ОТЕКА ЛЕГКИХ:**
► резкая одышка, усиливающаяся в положении лежа;
► клокочущие хрипы при дыхании;
► кашель с розовой пенистой мокротой;
► чувство удушья, паника, холодный пот;
► синюшность кожи и слизистых;
► учащённое сердцебиение и дыхание, возможна потеря сознания.

**ПЕРВАЯ ПОМОЩЬ:**
► срочно вызвать скорую помощь;
► усадить пострадавшего с опущенными ногами;
► обеспечить приток свежего воздуха;
► освободить шею и грудь от стесняющей одежды;
► при наличии – дать кислород (в условиях стационара);
► запрещено давать воду или укладывать человека горизонтально.

**ЛЕЧЕНИЕ:** проводится в условиях реанимации. Включает кислородотерапию, мочегонные препараты (например, фуросемид), сердечные средства, при необходимости – наркотические анальгетики для снижения дыхательной нагрузки.

Отек легких требует немедленного медицинского вмешательства. Задержка может привести к летальному исходу.

## ПЕРВАЯ ПОМОЩЬ ПРИ КЛИНИЧЕСКОЙ СМЕРТИ



**Клиническая смерть – это временное состояние, при котором останавливаются кровообращение и дыхание, но клетки мозга еще жизнеспособны. Это последняя стадия, когда человека еще можно спасти. Продолжительность клинической смерти – 4–6 минут. Каждая секунда промедления снижает шанс на выживание.**

**ОСНОВНЫЕ ПРИЗНАКИ:**
► внезапная потеря сознания;
► отсутствие дыхания (грудная клетка не движется);
► отсутствие пульса на крупных артериях (например, на шее);
► зрачки расширены и не реагируют на свет;
► кожа становится бледной или синюшной.

**ДЕЙСТВИЯ ПЕРВОЙ ПОМОЩИ:**
1. Убедиться, что место безопасно.
2. Проверить сознание – окликнуть и потрясти человека.
3. Оценить дыхание и пульс (не более 10 секунд).
4. Немедленно вызвать скорую помощь.
5. При отсутствии дыхания и пульса – начать сердечно-лёгочную реанимацию:
► пострадавшего положить на спину на твердую поверхность;
► выполнять компрессии грудной клетки – 30 нажатий с глубиной 5-6 см;
► по возможности добавить 2 вдоха «рот в рот».
6. Продолжать до появления признаков жизни или до приезда медиков.

Помощь при клинической смерти – это борьба с временем. Даже базовые действия могут спасти жизнь до прибытия специалистов.

## АЛЛЕРГИЧЕСКИЙ ОТЕК ГОРТАНИ: НЕОТЛОЖНАЯ ПОМОЩЬ

**Аллергический отек гортани – острое, угрожающее жизни состояние, возникающее в ответ на контакт с аллергеном. Из-за отека слизистой происходит быстрое сужение дыхательных путей, что может привести к удушью.**

**ПРИЧИНЫ:**
► укусы насекомых;
► приём лекарств;
► пищевая аллергия;
► вдыхание аллергенов (пыльца, пыль, химикаты).

**ПРИЗНАКИ:**
► затруднённое шумное дыхание;
► осиплость или потеря голоса;
► ощущение кома в горле;
► отёк лица, губ, языка;
► беспокойство, бледность, синюшность;
► возможна потеря сознания.

**НЕОТЛОЖНЫЕ ДЕЙСТВИЯ:**
1. Немедленно вызвать скорую помощь.
2. Прекратить контакт с аллергеном.
3. Усадить пострадавшего (полусидя).
4. Обеспечить доступ свежего воздуха.
5. При наличии – дать антигистаминный препарат (супрастин, лоратадин).
6. Холод на шею может замедлить развитие отёка.
7. При угрозе удушья и невозможности вдоха – возможна экстренная трахеотомия (только специалистами).

Аллергический отёк гортани развивается быстро и требует немедленной медицинской помощи. Медлить опасно для жизни.

## СТЕНОЗИРУЮЩИЙ ЛАРИНГОТРАХЕИТ У ДЕТЕЙ: НЕОТЛОЖНЫЕ МЕРОПРИЯТИЯ

**Стенозирующий ларинготрахеит (ложный круп) – острое воспалительное заболевание верхних дыхательных путей, чаще встречающееся у детей раннего возраста. Характеризуется сужением просвета гортани и трахеи, что может привести к острой дыхательной недостаточности.**

**ОСНОВНЫЕ ПРИЗНАКИ:**
► лающий кашель;
► осиплость голоса;
► шумное затруднённое вдохновение (инспираторная одышка);
► беспокойство, цианоз (синюшность) губ и носогубного треугольника;
► втяжение межрёберий и яремной ямки при дыхании.

**НЕОТЛОЖНАЯ ПОМОЩЬ ДО ПРИЕЗДА ВРАЧА:**
1. Успокоить ребёнка – плач усиливает спазм и удушье.
2. Обеспечить доступ свежего прохладного влажного воздуха (проветрить, можно использовать увлажнитель или пар в ванной).
3. Посадить ребёнка (не класть!) – в вертикальном положении дышать легче.
4. Дать тёплое щелочное питьё (молоко с содой, минеральная вода без газа).



5. При наличии – ингаляция с физиологическим раствором или щелочной.
6. При тяжёлых признаках – ввести жаропонижающее и срочно вызывать скорую помощь.

Стенозирующий ларинготрахеит требует быстрой оценки состояния. При угрозе удушья – обязательная госпитализация.

## НЕОТЛОЖНАЯ ПОМОЩЬ ПРИ ФАНТОМНОЙ БОЛИ

**Фантомная боль – это ощущение боли в ампутированной конечности или отсутствующей части тела. Она может возникнуть вскоре после ампутации или спустя месяцы и годы. Причины до конца не изучены, но связаны с перестройкой работы нервной системы.**

**ХАРАКТЕР БОЛИ:**
► жгучая, стреляющая, режущая;
► может возникать внезапно или длиться постоянно;
► усиливается при стрессах, переохлаждении, физическом напряжении.

**НЕОТЛОЖНЫЕ ДЕЙСТВИЯ:**
1. Успокоить пациента, объяснить, что ощущения реальны и распространены после ампутации.
2. Обеспечить удобное положение тела и покой.
3. Применить назначенные обезболивающие или противосудорожные препараты (по назначению врача).
4. Лёгкий массаж или растирание культи (если не противопоказано).
5. Тепло (грелка) или холод (пакет со льдом) по согласованию с врачом.
6. Отвлекающая терапия: дыхательные упражнения, разговор, музыка.
7. При выраженной боли – обратиться за срочной медицинской помощью.

Фантомные боли требуют комплексного лечения, но в момент обострения важна психологическая поддержка и купирование боли доступными средствами.

## ОПОЯСЫВАЮЩИЙ ЛИШАЙ

**Опоясывающий лишай (герпес-зостер) – это вирусное заболевание, вызванное вирусом ветряной оспы. После перенесенной ветрянки вирус остается в организме в неактивной форме и может активироваться при снижении иммунитета, стрессе или переутомлении.**

Заболевание начинается с жжения, покалывания и боли на ограниченном участке кожи, позже появляются пузырьковые высыпания, расположенные группами по ходу нервов. Чаще всего поражается область грудной клетки, спины или лица.

**При появлении первых признаков необходимо:**
► обеспечить покой;
► не чесать и не прокалывать пузырьки;
► промыть пораженное место теплой водой с мылом;
► при необходимости – приложить холодный компресс;
► при боли – дать жаропонижающее или обезболивающее средство (ибупрофен, парацетамол);
► как можно быстрее обратиться к врачу.

Лечение назначается врачом. Оно включает приём противовирусных препаратов (ацикловир, валацикловир и др.), особенно важно начать терапию в первые 72 часа после появления сыпи. Также могут применяться обезболивающие, антисептические мази и средства для ускорения заживления кожи.

Пациента следует изолировать от людей, не болевших ветряной оспой. При высыпаниях в области глаз или на лице необходимо срочное обращение к врачу.

Своевременная помощь помогает избежать осложнений и ускоряет выздоровление.

## СЕРДЕЧНО-ЛЕГОЧНАЯ РЕАНИМАЦИЯ В ЭКСТРЕННЫХ УСЛОВИЯХ

**Сердечно-легочная реанимация (СЛР) – это комплекс неотложных мероприятий, направленных на восстановление кровообращения и дыхания при остановке сердца. От своевременности и правильности действий зависит жизнь пострадавшего. Наиболее частые причины – инфаркт, утопление, поражение током, тяжелые травмы.**

**ПРИЗНАКИ КЛИНИЧЕСКОЙ СМЕРТИ:**
► отсутствие сознания;
► отсутствие дыхания или агональное дыхание;
► отсутствие пульса на крупных артериях (сонной, бедренной);
► расширенные зрачки, не реагирующие на свет.

**АЛГОРИТМ ДЕЙСТВИЙ:**
1. Оценить безопасность для себя и пострадавшего.
2. Проверить сознание: громко окликнуть, потрясти за плечо.
3. Проверить дыхание (не более 10 секунд): если нет — начать СЛР.
4. Вызвать скорую помощь или поручить это окружающим.
5. Начать непрямой массаж сердца:
– руки в замке, центр грудины, глубина нажатий 5–6 см, частота 100–120 в минуту.
6. После 30 нажатий — 2 вдоха «рот в рот» (если умеете и нет противопоказаний), иначе только массаж.
7. Продолжать до прибытия медиков, восстановления дыхания или истощения.

СЛР эффективна только при быстром начале – в первые 3–5 минут. Обучение элементарным навыкам реанимации необходимо каждому.

**Г.КАЛДЫХАНОВА, А.ЖЕТМЕКОВА, С.АБДИЛДАЕВА,**
**Станция скорой помощи г. Талдыкорган,**
**Детский дом «Айналайын»**

сайт: www.taldykorgan-online.kz / e-mail: taldyk@bk.ru / тел.: 40-11-02 / мекенжайымыз: Ж.Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

## ҚАРЖЫЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

# АЛАЯҚТЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ



**Талдықорған қаласының орталық жағажайында Қаржылық қауіпсіздік күні аясында Жетісу облысы Полиция департаментінің Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасы мен «Қос Қанат Жетісу» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен ақпараттық-түсіндіру акциясы өтті. Іс-шараның мақсаты — ақпараттық технологияларды пайдалана отырып жасалатын құқықбұзушылықтардың алдын алу.**

Акцияның басты мақсаты – азаматтардың құқықтық және қаржылық сауаттылығын арттырып, цифрлық қауіпсіздік бойынша дағдыларын қалыптастыру болды. Шараға келген тұрғындарға интернет-алаяқтардың құрбаны болмаудың жолдарын түсіндіретін жадынамалар мен ақпараттық брошюралар таратылды.

Іс-шараның интерактив бөліміне ерекше көңіл бөлінді: ұйымдастырушылар киберқауіпсіздік пен қаржылық сауаттылыққа қатысты зияткерлік ойындар мен викториналар өткізді. Жеңімпаздарға және белсенді қатысушыларға естелік сыйлықтар табыс етілді.

Акцияға әлеуметтік желілерде Optimist.hafiz лақап атымен танымал блогер және қоғам белсендісі Хафиз Ғалымжанов қатысып, іс-шара материалдарын интернетте кеңінен бөлісті. Бұл өз кезегінде акцияның профилактикалық әсерін арттырды.

Ұйымдастырушылар цифрлық дәуірде Қаржылық қауіпсіздік күні – бұл жай ғана күн емес, әр азаматқа сергек әрі ақпараттандырылған болудың маңыздылығын еске салатын күн екенін атап өтті. Осындай іс-шаралар алдағы уақытта да тұрақты түрде өткізіліп тұрады, себебі киберқылмысқа қарсы күрес – бұл полиция мен қоғамның тығыз ынтымақтастығын талап ететін ортақ іс.

**Өз тілшіміз**

## ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАН

# ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ СҰРАНЫСТАРДЫҢ ОРЫНДАЛУ ТӘРТІБІ

**Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қоры және архивтер туралы Заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.**

Мемлекеттік архив – Ұлттық архив қорының құжаттарын жинау, сатып алу, жинақтау, ретке келтіру, тұрақты сақтау, мемлекеттік есепке алу мен пайдалану құқығы берілген мемлекеттік мекеме.

Құжаттар топтамасын Мемлекеттік корпорация арқылы тапсырған кезде көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге жеке басын куәландыратын құжатты, немесе цифрлық құжаттар сервисінен цифрлық құжатты (жеке басын сәйкестендіру үшін ұсынылады) және заңды тұлға үшін – өкілеттігін растайтын құжат не жеке тұлға үшін – нотариалды куәландырылған сенімхат (уәкілетті өкіл жүгінген кезде) ұсынады.

Архивтік анықтама дайындау барысында жауапты орындаушы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар Мемлекеттік корпорациядан келіп түскен сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінгенде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі 11 (он бір) жұмыс күні ішінде беріледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету үшін екі және одан да көп ұйымдардың және (немесе) 5 (бес) жылдан астам кезеңнің құжаттарын зерделеу қажет болған жағдайда, жауапты орындаушы қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде мемлекеттік көрсетілетін қызмет мерзімінің 25 (жиырма бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылғандығы туралы көрсетілетін қызметті алушыны хабардар етеді.

Құжаттар (мәліметтер) мемлекеттік сақтауда болмаған жағдайда жауапты орындаушы құжаттар түскен сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушіде сұратылған құжаттардың (мәліметтердің) мемлекеттік сақтауда жоқ екендігі туралы немесе сұранымды тиесілігі бойынша басқа мемлекеттік немесе ведомстволық архивке жолданғандығы туралы жауап дайындайды.

Архивте сақталатын архивтік құжаттардың құрамына жатпайтын сұрау салу тіркелген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей тиесілігі бойынша қажетті архивтік құжаттар сақталатын басқа мемлекеттік немесе ведомстволық архивке жіберіледі және бұл туралы көрсетілетін қызметті алушыға хабарланады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі әлеуметтік-құқықтық сипаттағы мәліметтерді растау жөніндегі архивтік анықтама, архивтік құжаттың көшірмесі немесе архивтік үзінді, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушіде сұратылған құжаттардың (мәліметтердің) мемлекеттік сақтауда жоқтығы, сұрау салуды тиесілігі бойынша басқа мемлекеттік немесе ведомстволық архивке жіберу туралы жауаптар не қағаз/электрондық түрдегі мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесі және оған қарасты 8 аудан, 2 қалаларда орналасқан филиалдары бар.

**Г. ДҮЙСЕНБЕКОВА,**
**«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бөлім басшысы**

МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ

# АСҚЫНҒАН КАТАРАКТАҒА ШАЛДЫҚҚАН ӘЙЕЛДІҢ КӨЗ БҰРШАҒЫ АУЫСТЫРЫЛДЫ



**Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі аясында Талдықорған қаласындағы «Көксу Мед» офтальмологиялық клиникасында асқынған катаракта диагнозы қойылған 60 жастағы әйелге көз бұршағын алмастыру бойынша ота сәтті жасалды.**

Катаракта – көз бұршағының бұлдырланып, уақыт өте келе көру қабілетінің біртіндеп төмендеуіне алып келетін кең таралған сырқаттардың бірі. Әсіресе, егде жастағы науқастарда асқынған жағдайларда бұл ауру өмір сапасын айтарлықтай төмендетіп, тіпті толықтай соқырлыққа әкелуі мүмкін. Бұл дерттің жалғыз тиімді емі – бұлдырланған бұршақты жасанды интраокулярлы линзаға хирургиялық жолмен ауыстыру.

Constellation аппаратының көмегімен жасалатын операция көзге барынша дәл әрі қауіпсіз араласуға мүмкіндік береді. Құрылғы ота кезінде көз ішіндегі қысымды тұрақты ұстап тұруды және көз тіндеріне барынша аз зақым келтіруді қамтамасыз етеді.

Офтальмохирург Азамат Иманқұловтың айтуынша, операция ауырсынусыз әрі тез өтеді, ұзақтығы 30 минуттан аспайды. Ал бір тәуліктен кейін-ақ пациенттің көру қабілеті 60-70%-ға дейін қалпына келіп, бірнеше апта ішінде қалыпты өмір салтына оралуға болады.

**«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы**

## САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

# СУҒА ШОМЫЛУ КЕЗІНДЕГІ ЕРЕЖЕЛЕР

**Жаз мезгілінде күннің ыстығынан салқындау үшін көптеген адамдар өзен-көлдерге, су қоймаларына және бассейндерге барып, шомылуды ұнатады. Суға түсу – денсаулыққа пайдалы, көңіл көтеретін демалыс түрі. Дегенмен, бұл әрекет қауіпсіздік шараларын дұрыс сақтамаса, адам өміріне қауіп төндіруі мүмкін. Әрбір адам, әсіресе балалар мен жастар, суға түсу кезінде қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауы тиіс. Бұл мақалада суға шомылу кезіндегі негізгі қауіпсіздік шаралары мен қандай жағдайларда сақ болу керектігі толық түсіндіріледі.**



**Суға түсу алдындағы дайындық. Судың жағдайын тексеру.** Суға түсер алдында оның тереңдігі мен түбінің тазалығын тексеру керек. Егер белгісіз жер болса, бірден сүңгуге болмайды — су түбінде тастар, темір немесе ағаш бұтақтары болуы мүмкін.

Суық суға бірден кірмеңіз. Ыстық күнде дене қызып тұрғанда бірден салқын суға секіріп кету — жүрек пен қан айналымына ауырлық түсіреді. Алдымен қол-аяқты сулап, біртіндеп бейімделу қажет.

**Суға түсу кезіндегі қауіпсіздік ережелері.** Рұқсат етілген жерлерде ғана шомылыңыз. Арнайы шомылуға арналған жағажайлар мен бақылау жасалатын орындарды таңдаңыз. Күзетілмейтін, тереңдігі белгісіз, шөп басқан жерлерге бармаған жөн.

Балаларды қараусыз қалдырмаңыз. Балалар суға тек ересек адамның бақылауымен түсуі керек. Құтқару күртешесі мен арнайы жүзуге арналған құралдарды пайдалану ұсынылады.

Мас күйінде суға түспеңіз. Алкоголь ішіп шомылу — жиі кездесетін және аса қауіпті қателік. Ол реакцияны баяулатып, тепе-теңдік пен бұлшықет жұмысын бұзады.

Бір-бірін батыру, итеру, қорқыту – қауіпті ойындар. Суда ойнау кезінде бір-бірін итеріп, батырған кезде адам үрейленіп, тұншығып қалуы мүмкін.

▲ Мұндай жағдайда бірінші кезекте өзіңіздің қауіпсіздігіңізді қамтамасыз етіп, құтқару құралын (дөңгелек, арқан, таяқ) пайдаланып көмектесіңіз.

▲ Дереу 101 немесе 112 нөміріне қоңырау шалыңыз.

▲ Сабыр сақтап, тыныс алуды реттеңіз. Жақын жерге қарай жайлап жүзуге тырысыңыз.

# ӨРТ – ТІЛСІЗ ЖАУ

**Күннің ысуына байланысты еліміздің көп аймақтарында өрттің қауіпті кезеңі басталды. Бұл – табиғаттағы құрғақ шөп пен орман алқаптарының, егіс пен дала жерлерінің өртке оңай тұтанатын уақыты. Мұндай кезде адамдардың ұқыпсыздығы, абайсыз әрекеті ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін.Тек биылдың өзінде бірнеше өңірде орман және дала өрттері тіркелді. Материалдық шығынмен қатар, мұндай апаттар адамның өміріне де қауіп төндіреді. Сондықтан ел тұрғындарына қарапайым, бірақ өте маңызды қауіпсіздік шараларын еске салғымыз келеді.**



Өрттің басты себебі – адам факторлары. Қарапайым мысалдар:

▲ Қоқысты немесе шөпті жағу; сөндірілмеген темекі тұқылы немесе от; отты рұқсат етілмеген жерде жағу; электр сымдарының қысқа тұйықталуы; найзағайдың тиюі.

Әсіресе, ауылдық жерде, далада немесе орман маңында тұратын тұрғындар ерекше мұқият болуға тиіс.

▲ Тыйым салынатын әрекеттер. Өрт қаупі жоғары кезеңде: Құрғақ шөп пен қоқысты өртеуге; орманда немесе далада от жағуға; темекі шегіп, тұқылын лақтыруға; көлікті шөп үстіне қоюға; балаларды қараусыз қалдыруға – тыйым салынады.

Өрт шықса дереу 101 немесе 112 нөміріне хабарласыңыз.

Сақтық – бәрінен маңызды. Төтенше жағдайлар қызметінің мәліметінше, өрттің 90%-дан астамы адамдардың салғырттығынан болады. Сондықтан әр азамат өз жауапкершілігін түсінуі керек.

**А.НҰРТАЕВ,**
**Талдықорған қаласы ТЖБ аға инженері, Азаматтық қорғау капитаны**

Газетіміздің ардагер журналисті Ақсанов Мәулетқан Барсағазыұлына аяулы **АНАСЫНЫҢ** дүниеден озуына байланысты көңіл айтамыз.

**«Талдықорған» газетінің ұжымы**

МЕНШІК ИЕСІ: «ТАЛДЫҚОРҒАН ТАҢЫ» ЖШС

Талдықорған
Газет 1992 жылдың 2-ші наурызынан шыға бастады

ДИРЕКТОР - БАС РЕДАКТОР
НҰРШАНОВА
ГҮЛЖАНАТ МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ

**Таралу аумағы:** Қазақстан Республикасы
**Телефондар:** Жауапты хатшы 40-11-02
**E-mail:** taldyk@bk.ru
Газет аптасына бір рет - жұма күні шығады.
ОСЫ ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ - 5 050 дана.
Тапсырыс №666 Индекс 65771
БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Ж. Балапанов көшесі, 28-үй. 4-қабат

- Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, №15702-Г куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №712.11.02.1992.
- Қазақ және орыс тіліндегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік - экономикалық апталығы.
- «Талдықорған» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
- «Талдықорған» газетінде жарияланған материалды өзге басылым рұқсатсыз пайдаланбайды.
- Газетке басылатын материалдар аптаның әр бейсенбісінде сағат 12:00-ге дейін қабылданады.
- Газет «Алматы-Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.
- Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 32 үй.